

## **Электронды ақша жүйесін пайдалану туралы шарт**

Осы «ҚАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС-ның Электронды ақша жүйесін (бұдан әрі – Жүйе) пайдалану туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) Электронды ақшаны шығару, пайдалану және өтеу шарты болып табылады және Жүйені пайдалану туралы Шартты төменде көрсетілген талаптарда жасасу бойынша тиісті құқық және әрекет қабілеттілігіне ие жеке тұлғалардың Жүйені пайдалану шарттарын айқындайды.

### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. «ҚАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС-ның Электронды ақша жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасы аясында Жүйе ішінде Электронды ақшаны пайдаланумен операциялар жүргізуді қамтамасыз етеді.

1.2. Жүйе сервис ретінде қызмет етеді, оны пайдалану Жүйе Агентінің БЖ арқылы жүзеге асырылады. Жүйе және Жүйе Агентінің БЖ көмегімен Электронды ақшаны пайдалана отырып, тауарлар мен қызметтер ұсынатын коммерциялық емес және коммерциялық ұйымдардың пайдасына Электронды ақшаны сатып алу, төлемдерді, сондай-ақ жеке тұлғалар арасында Электронды ақша аударымдарын жүргізу бойынша операцияларды жүзеге асыру мүмкін болады.

### **2. ОСЫ ШАРТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР**

Осы Шартта және кейіннен оған жасалатын Толықтыруларда және қосымшаларда, сондай-ақ осы Шарт бойынша кез келген хат алмасуда қолданылатын барлық термин мен анықтамалар Жүйенің Сайтында немесе Жүйе Агентінің сайттарында қолжетімді «ҚАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС Жүйесінің қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес түсіндіріледі.

### **3. ШАРТТЫҢ МӘНІ**

3.1. Осы Шарттың мәні Оператордың («ҚАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС, №02-18-035 төлем ұйымы) Клиентке Электронды ақша операцияларын жүзеге асыру мақсатында, оның ішінде мыналар үшін Жүйеге және оны пайдалану мүмкіндігіне қолжетімділік ұсынуы болып табылады:

3.1.1. Электронды ақшаны сатып алу немесе өткізу;

3.1.2. жеке тұлғалар - Жүйенің Клиенттері арасында Электронды ақша аударымдарын жүзеге асыру;

3.1.3. Жүйенің қатысушылары болып табылатын Саудагерлер ұсынатын тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге ақы төлеу;

3.1.4. осы Шартта, сондай-ақ Жүйе Қағидаларында қарастырылған өзге де операцияларды жүзеге асыру.

3.2. Оператор тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін төлеуге немесе Жүйе аясындағы басқа Клиент - жеке тұлғаларға аударымдар жасауға Жүйеде одан әрі пайдалану мақсатында Клиенттің Әмияны шотына Электронды ақша аудару туралы ақпаратты қабылдауға, сондай-ақ барлық операцияны тіркеуге және Жүйе Клиентіне арнайы сұрау салу бойынша жасалған әрекеттер туралы есеп беруге міндеттенеді.

3.3. Егер Шартта немесе арнайы келісімдерде өзгеше айқындалмаса, Оператор сатып алу-сату, қызметтер көрсету, жұмыстар орындау жөніндегі мәмілелердің немесе Клиент пен Саудагер арасында жасалатын өзге де мәмілелердің Тарапы болып табылмайды. Осыған байланысты:

3.3.1. Оператор мәміленің заңнама талаптарына сәйкестігін бақыламайды, оның талаптарына әсер етпейді, оны жасасудың, орындаудың немесе бұзудың салдары, оның ішінде осындай мәміле бойынша ақшаны қайтару мәселесі үшін жауап бермейді;

3.3.2. Оператор Клиенттің алдында Саудагерде немесе Жүйенің өзге Қатысушыларында туындайтын міндеттемелер бойынша жауапты болмайды;

3.3.3. Оператор өз міндеттемелерін, оның ішінде, егер Оператордың міндеттемелері тиісті мерзімде толық көлемде орындалған жағдайда, Саудагердің тауарлар ұсыну, жұмыстар орындау

және қызметтер көрсету жөніндегі міндеттемелерді тиісінше орындамауы мәселелері бойынша Клиент наразылықтарын қарастырмайды.

3.4. Жүйе Клиенттің өкімі бойынша Электронды ақшаны Саудагердің пайдасына аударуды жүзеге асыра отырып, сондай-ақ Саудагерлерге қабылданған төлемдер туралы ақпарат беру арқылы Саудагердің мүддесі үшін әрекет етуге өкілеттігінің бар екендігіне кепілдік береді.

3.5. Егер Клиент операцияларды жүзеге асыру кезінде осындай қызметтерді көрсету талаптарын құптаған жағдайда, Оператор осы Шартта аталмаған өзге де қызметтерді көрсете алады.

3.6. Тараптар Қағидалардың талаптары осы Шарттың талаптарынан басым болатынын растайды және осы Шарттың жекелеген ережелері Қағидаларға қайшы келген жағдайда Қағидалардың күші басым болады. Егер Клиент пен Оператор арасында туындайтын қатынастар Қағидаларда реттелмеген жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Шарттың нормалары қолданылады.

3.7. Тараптар Оператордың аванстық төлемдерді қабылдау жөніндегі қызметті, сондай-ақ ешқандай да банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырмайтыны туралы уағдаласады және растайды.

3.8. Операциялардың жекелеген санаттарын жүзеге асыру кезінде Оператор өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау мақсатында үшінші тұлғаларды тартуға құқылы. Жүйеде операцияларды Электронды ақшаны пайдалана отырып жүзеге асырғанда Клиент осындай үшінші тұлғалардың қызмет көрсету талаптарымен танысқанын және онымен келісетінін растайды. Клиент көрсетілген құжаттардың ережелерімен келіспеген жағдайда, Клиент қызметтердің тиісті санатын пайдаланудан бас тартуға міндеттенеді. Клиенттің үшінші тұлғалардың Клиенттерге қызмет көрсетуі аясындағы операцияларды жүзеге асыруы Клиенттің осындай тұлғаның қызмет көрсету шарттарымен келіскенін растау болып табылады.

3.9. Клиент Жүйені кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында пайдаланбайтынын, сондай-ақ үшінші тұлғалардың мұндай пайдалануына ықпал етпейтінін растайды. Клиент Оператордың тіркелген жеке кәсіпкерлер болып табылмайтын жеке тұлғалармен олардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы бөлігінде қызметтес болмайтынын және кез келген жағдайда Клиент-жеке тұлғаның әмиянын пайдалана отырып, Клиенттің немесе үшінші тұлғалардың кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруына байланысты жасалған төлемдері, сондай-ақ осындай жеке тұлғалардың міндеттемелері бойынша жауапкершілік көтермейтінін түсінеді және келіседі.

#### 4. КЛИЕНТ МӘРТЕБЕСІ. СӘЙКЕСТЕНДІРУ.

4.1. Клиенттің Жүйені пайдалану мүмкіндіктері Клиенттің мәртебесіне байланысты анықталады. Клиентке келесі мәртебе берілуі мүмкін:

- Сәйкестендірілмеген Клиент;

-Сәйкестенлірілген Клиент;

– Жеңіл сәйкестендірілген Клиент.

4.2 Сәйкестендірілмеген Клиенттің заңнама шеңберінде Оператор айқындаған мынадай шектеулері болады: Сәйкестендірілмеген Клиенттерге қолжетімді біржолғы операцияның ең жоғары сомасы – 50 АЕК. Сәйкестендірілмеген Клиенттің әмиянындағы Электронды ақшаның ең көп сомасы кез келген уақытта 100 АЕК-тен аспайды.

4.3 Сәйкестендірілмеген Клиенттер жасы бойынша шектеуді көздейтін сервистерге қолжетімділікте шектелуі мүмкін

4.4 Жеңіл сәйкестендірілген Клиенттің заңнаманың шеңберінде Оператор белгілеген келесі шектеулері бар: Жеңіл сәйкестендірілген Клиенттерге қолжетімді бір жолғы операцияның максималды сомасы - 100 АЕК. Жеңіл сәйкестендірілген Клиенттің Әмияндағы Электронды ақшасының кез келген уақытта ең жоғары сомасы 300 АЕК-тен аспауы керек.

4.5. Сәйкестендірілген Клиент Жүйені транзакциялар сомасына және Әмияндағы Электронды ақшаның болуына шектеусіз толық көлемде пайдалану мүмкіндіктеріне ие.

4.6. Сәйкестендірілген Клиент тиісті сервис үшін белгіленген жасқа жеткен жағдайда Жүйенің барлық қызметтеріне қол жеткізе алады. Тиісті жасқа жетпейінше, Жүйе Клиентке шектеулер қолданылатын қызметтерге қолжетімділікті шектеуі мүмкін.

4.7. Клиенттің мәртебесі осы Шартта көзделген өзге де шектеулерді айқындайды. Оператор операциялардың жекелеген санаттарын жүргізу кезінде Клиентті өзгеше түрде шектеу құқығын өзіне қалдырады.

4.8. Клиентті сәйкестендіру:

4.8.1. Клиентті сәйкестендіру бұл оны Жүйеде сәйкестендіруді білдіретін процедура, осы Клиентті Сәйкестендірілді деп тануға қажетті және жеткілікті шарт болып табылады.

4.8.2. Клиенттерді Сәйкестендіру Қағидаларда қарастырылған тәртіппен жүзеге асырылады.

4.8.3. Оператор Клиенттерді сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары аясында үшінші тұлғаларды тартуға құқылы. Осындай үшінші тұлғалардың инфрақұрылымын пайдалана отырып, сәйкестендіруді жүзеге асырған кезде Клиенттен осындай үшінші тұлғаның инфрақұрылымы арқылы операциялардың кез келген түрін жүзеге асырған кезде жеке басын куәландыратын құжат сұратылуы мүмкін. Үшінші тұлға жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін Операторға беруді жүзеге асырады, одан соң Клиент Жүйеде сәйкестендірілген Клиент мәртебесін алады.

4.8.4. Клиенттерді Сәйкестендіруді жүзеге асыру мақсатында, үшінші тұлғалар тартылған жағдайда Оператор және осындай үшінші тұлға сәйкестендірудің өзге рәсімін қарастыруы мүмкін, бұл туралы Клиентке осындай үшінші тұлғаның бөлімшелерінде хабарланады.

4.8.5. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері өзгерген жағдайда, Клиент бұл туралы Операторға дереу хабарлауға міндеттенеді. Басқа жағдайда кейіннен Оператор мен оның серіктестерінің инфрақұрылымы арқылы операциялар жүзеге асырғанда және ұсынылатын құжаттың деректері Жүйеде сақталған деректермен сәйкес келмеген кезде Клиенттен құжаттар мен Сәйкестендіруден өту келісімі қайтадан сұратылуы мүмкін, сондай-ақ Сәйкестендірілген Клиент мәртебесінің артықшылықтары кері қайтарылуы мүмкін.

## 5. ЖҮЙЕНІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

5.1. Жүйені Агенттен немесе Эмитенттен Электронды ақшаға өкім ету құқығын сатып алу арқылы пайдалануға болады.

5.2. Операциялардың жекелеген санаттарын жүзеге асыру үшін Клиенттен оның жеке басын және/немесе оның Электронды ақшаға өкім ету құқығын растайтын қосымша растаушы деректер сұратылуы мүмкін.

5.3. Жүйені пайдалану тәсілдері мен шарттарын, қолжетімді қызметтерді, комиссиялардың мөлшерлерін, төлем мөлшерлері бойынша шектеулерді Оператор Клиенттің Мәртебесіне байланысты заңнамаға сәйкес белгілейді.

5.4. Әмиянды толтыру тәртібі мен шарттары:

5.4.1. Пайдаланушының Әмиянын толтыру деп Клиенттің Электронды ақшаны шығаруды және/немесе өткізуді жүзеге асыратын Жүйе қатысушыларынан Клиент Әмиянының шотына одан әрі аудару үшін қолжетімді тәсілдердің бірі арқылы Электронды ақшаны сатып алуы түсініледі.

5.4.2. Клиент Электронды ақшаны өзіне тиесілі Әмиян шотына мынадай тәсілдермен сала алады: Агенттен Электронды ақшаны сатып алу; Жүйені пайдалану жолымен Эмитенттің Электронды ақша шығаруына сұрау салуды қалыптастыру; басқа Клиенттен Электронды ақша аударымын алу; Жүйенің сайтында немесе Жүйе Агентінің сайтындағы тиісті бөлімде көрсетілген өзге тәсілдер арқылы енгізе алады.

5.4.3. Әрбір тәсілге қатысты Электронды ақшаны енгізу тәртібі Жүйенің сайтында немесе Жүйе Агентінің сайтында көрсетілген.

5.4.4. Клиенттің әмиян шотына Электронды ақшаны үшінші тұлғалар енгізген жағдайда, Клиентте Электронды ақшаға қатысты барлық құқықтар мен міндеттер туындайды, бұл әрекеттер үшінші

тұлғалар тарапынан Клиенттің мүддесінде жасаған деп бағаланады және Операторды үшінші тұлғалармен ешқандай өзара міндеттемелермен байланыстырмайды.

5.4.5. Пайдасына операция жасалатын тұлға Электронды ақшаны алған кезде Электронды ақшаны енгізу аяқталды деп есептеледі. Электронды ақшаны алу сәті Жүйеде қабылданған Электронды ақшаның сомасы туралы ақпараттың көрсетілу сәті болып табылады, бұл оның Әмиян шотына түскенін көрсетеді.

5.5. Азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлемдер жүргізу тәртібі:

5.5.1. Оператор ұсынылған тауарлар, жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін төлем ретінде Саудагердің пайдасына Электронды ақша аударылған кезде Клиентке ақпараттық қолдау көрсетеді.

5.5.2. Оператор Клиент үшін Саудагерлер тізімін анықтайды және Клиенттің Мәртебесіне байланысты немесе Жүйенің сайтында немесе Жүйе агентінің сайтында келтірілген өзге шектеулерге байланысты оны шектеуге құқылы.

5.5.3. Клиент Операторға өзіне тиесілі Электронды ақшаны Саудагердің пайдасына төлеуді жүзеге асыруға Операциялық тапсырма жібереді. Саудагер Электронды ақшаның түскені туралы хабарламаны, Клиент төлемнің сәтті аяқталғаны туралы хабарламаны алған сәтте төлем жүргізу жөніндегі операция аяқталды деп есептеледі. Төлем жүзеге асыру туралы өкімді орындау Клиенттің Әмиянында көрсетілетін Электронды ақша сомасының төлем және болған жағдайда комиссия сомасына азаюына әкеледі.

5.5.4. Клиенттің Әмиянында операцияны жүзеге асыру үшін талап етілетін сома болмаған кезде, сондай - ақ Клиент Электронды ақшаны сатып алуды жүзеге асырғанда Агенттің Клиентке Электронды ақшаны өткізуі мүмкін болмағанда тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және Электронды ақшамен жасалатын өзге де операциялар жүргізілмейді.

5.5.5. Оператордың немесе Агенттің инфрақұрылымын пайдалана отырып, төлем жүргізгенде Клиентке қағаз жеткізгіштегі чек және/немесе чекті Электронды құжат нысанында алу мүмкіндігі беріледі.

5.5.6. Операцияны Агенттің инфрақұрылымын пайдалана отырып жүзеге асырғанда Клиентке Электронды ақшаны өткізу сәтінде Жүйеде автоматты түрде Сәйкестендірілмеген Клиент Әмияны жасалады. Клиенттің Агент өткізген Электронды ақшасы Тіркелмеген Клиент Әмиянына аударылып, оның тапсырмасы бойынша төлем одан әрі түпкілікті алушының атына жүргізілуі тиіс.

5.5.7. Клиент Сәйкестендірілмеген Клиент Әмиянынан операцияны жүзеге асыру басталғанға дейін таңдауды Клиент жүзеге асыратын түпкілікті төлем алушының пайдасына Электронды ақшаны акцептсіз есептен шығаруды жүзеге асыруға өз келісімін береді.

5.5.8. Сәйкестендірілмеген Клиент Әмиянына Электронды ақшаны өткізу және/немесе шығару кезінде және Клиент ұялы телефон нөмірін ұсынған жағдайда, Сәйкестендірілмеген Клиент Әмиянына көрсетілген ұялы телефонның нөміріне ұқсас нөмір беріліп, Әмиян Жүйеде тіркеледі. Клиенттің ұқсас сәйкестендіргішімен жасалатын одан арғы операциялар осы Клиент Әмиянының тарихында көрсетіледі. Мұндай операцияны жүзеге асыру арқылы Клиент Шарттың талаптарымен және Қағидалармен келісетінін растайды.

5.6. Электронды ақшаны қайтару тәртібі мен шарттары.

5.6.1. Төлеуші-Клиентке Электронды ақшаны қайтару қажет болған жағдайда, қайтару осы Шартта көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

5.6.2. Егер аяқталған төлемді немесе аударымды жою қажеттілігі бағдарламалық жасақтаманың істен шығуының немесе Оператор қатесінің, Оператордың кінәсінен болған Жүйеге рұқсатсыз қол жеткізудің салдары болған жағдайда, Электронды ақшаны қайтару операция басталған кезде осы төлемге немесе аударымға қатысқан өздеріне тиесілі Электронды ақшаға Қатысушылардың құқықтарын түзету — қалпына келтіру операцияларын жүргізу арқылы операция қатысушыларының шоттарына жүзеге асырылады.

5.6.3. Егер Клиентке Электронды ақшаны қайтару Тараптардың бірінің Саудагер пен Клиент арасында жасалған шартты орындаудан бас тартуының нәтижесі болып табылған жағдайда, аяқталған төлем бойынша Электронды ақшаны қайтару Саудагердің өтінімі бойынша жүзеге асырылады. Қайтаруды жүзеге асыру бойынша уағдаластыққа қол жеткізуді Саудагер пен Клиент Оператордың қатысуынсыз жүзеге асырады. Мұндай өтінім берілгенге дейінгі өзара

міндеттемелерді орындау Саудагер пен Клиент арасындағы уағдаластықта көзделген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

5.6.4. Саудагер қайтаруды Электронды ақшамен, қолма-қол ақшамен немесе Клиентпен келісілген өзге де тәсілмен жүзеге асыруға құқылы.

5.6.5. Егер қайтару Электронды ақшамен жүзеге асырылған жағдайда, Саудагер төлем сомасын қайтару жөніндегі операцияны қайтаруға өтінім қалыптастырылған және осылайша Электронды ақшаны қайтару жөніндегі міндеттеме танылған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асыруға міндетті. Клиент пен Саудагер қайтарудың анағұрлым ұзақ мерзімін келісуге құқылы. Клиенттің Электронды ақшамен қайтару мерзімін қысқартуды талап етуге құқығы жоқ.

5.6.6. Егер 5.6.5-тармақта көрсетілген мерзім ішінде қайтаруды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, Клиент қолма-қол ақшамен немесе Саудагерпен келісілген өзге тәсілмен қайтаруды талап етуге құқылы.

5.6.7. Мәміленің бастапқы сипаты қайтаруды жүзеге асыру комиссиясын қарастыратын жағдайларды қоспағанда, Электронды ақшаны қайтару Саудагер алған қаражаттың толық көлемінде жүзеге асырылады.

5.6.8. Оператор комиссиясы, сондай-ақ Агент пен Эмитенттің қосымша комиссиясы төлемдер Агенттің БЖ пайдалана отырып жүзеге асырылған жағдайда, оларды өндіріп алу кезінде қайтарылуға жатпайды.

5.6.9. Егер жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтер өткізілетін тауардың құнына кірмейтін болса, жеткізушінің міндеттемелері тиісті мерзімдерде толық көлемде орындалған жағдайда, жеткізгені үшін Электронды ақшаны қайтару жүзеге асырылмайды.

5.6.10. Егер төлемді қайтаруды немесе Электронды ақшаны аударуды жүзеге асыру қажеттілігі Клиент Әмиянына рұқсатсыз қол жеткізудің салдары болып табылған жағдайда, қайтару осы Шарттың 8-бөлімінде көзделген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

5.6.11. Клиент ақшаны қайтару Жүйе аясында жүзеге асырылмайтын Саудагердің атына төлемдерді жүзеге асыру кезінде Клиент осындай қайтаруды жүзеге асыру мәселесі бойынша тікелей Саудагерқа өз бетінше жүгінетіндігімен танысты және келіседі. Бұл ретте Оператор осындай мәселелер бойынша талқылау барысында Клиентке ақпараттық қолдау көрсетуге міндеттенеді.

5.7. Электронды ақшамен жасалатын операцияларды есепке алу және көрсету тәртібі.

5.7.1. Клиент жасаған немесе бастамашылық жасаған Электронды ақшамен байланысты барлық операциялар, Әмиянды шығаруды, шотқа жасалған аударымдарды, талап ету құқығын басқа Клиенттерге беруді, Саудагердің тауарларына, жұмыстарына, қызметтеріне ақы төлеуді, Өтеуді, сондай-ақ Электронды ақшаны пайдалана отырып жасалатын өзге де операцияларды қоса алғанда, есепке алынуы және тіркелуі тиіс.

5.7.2. Оператор Клиент жасаған операциялар туралы ақпаратты 5 (бес) жылға дейінгі кезеңде сақтауға міндеттенеді.

5.7.3. Клиент Әмиянды Клиенттің соңғы авторизациясынан бастап 12 (он екі) ай ішінде пайдаланбаған жағдайда, Әмиян Белсенді емес Әмиян режиміне ауыстырылады.

5.7.4. Сәйкестендірілмеген Клиенттің Әмиянын пайдалана отырып жүзеге асырылған операциялар бойынша қайтару жүргізілген жағдайда, Сәйкестендірілмеген Клиенттің мұндай Әмияны қайтару жүзеге асырылған сәттен бастап 3 (үш) жыл өткен соң Белсенді емес Әмиян режиміне ауыстырылады. Сәйкестендірілмеген, белсенді емес режимге ауыстырылған Клиенттің Әмиянына қол жеткізу үшін бастапқы операция бойынша Электронды ақшаны жіберуші Операторға осындай операцияны жүзеге асырғанын растауы және операция жүзеге асырылған Саудагер жіберушінің жеке басын растауы қажет.

5.8. Клиенттің Электронды ақшаны өткізу тәртібі:

5.8.1 Электронды ақшаның иесі - Клиент, егер операция Жүйенің техникалық мүмкіндіктерімен немесе Жүйенің сайтында немесе Жүйе Агентінің сайтында көрсетілген өзге де шарттармен шектелмесе, Оператордың келісімімен Агенттің бөлімшелерінде немесе өзінің банктік шотына қолма-қол ақша сомасын алу мақсатында, Жүйе интерфейсі арқылы және/немесе Агенттің БЖ арқылы Агентке Әмиянынан Электронды ақшаны өткізуді жүзеге асыруға құқылы.

5.8.2 Егер Операторда осындай операцияның заңдылығына күмән туындаса, Оператор осы Әмиянды және/немесе операцияны Операторға Электронды ақшаның Клиентке тиесілілігіне

дәлелдемелер ұсынғанға дейін және/немесе Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынғанға дейін бұғаттауға құқылы.

5.8.3 Электронды ақшаны өткізуді жүзеге асыру үшін Клиент Операторға сұрау салынған деректерді ұсына отырып, Операциялық тапсырма жіберуі қажет. Операциялық тапсырма жіберілгеннен кейін Клиентке Жүйе интерфейсінде және/немесе Агенттің БЖ-да көрсету арқылы белгіленген үлгідегі аударым нөмірі, сондай-ақ Клиент логин ретінде көрсеткен ұялы телефон нөміріне sms-хабарлама жіберу арқылы ұсынылатын операция коды беріледі. Операциялардың жекелеген санаттарын жүзеге асыру үшін Клиенттен оның жеке басын және/немесе оның Электронды ақшаға өкім ету құқығын растайтын қосымша растаушы деректер сұратылуы мүмкін.

5.8.4 Клиент үшін Электронды ақшаны өткізудің ең төменгі және ең жоғарғы сомасының мөлшерін, сондай-ақ Клиент үшін комиссия мөлшерін Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасы аясында белгілейді және Операциялық тапсырманы қалыптастыру процесінде ол расталған сәтке дейін Клиенттің назарына жеткізеді.

5.8.5 Әмияннан Электронды ақшаны өткізуді аяқтау үшін Клиент 5.8.3-тармаққа сәйкес, Операторға Операциялық тапсырманы жіберу кезінде алынған операция нөмірін және операция кодын, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжатты көрсете отырып, осы операцияны Агенттің бөлімшелерінде растауы қажет. Банк шотына аудару арқылы ақша алған кезде қосымша растау талап етілмейді.

5.9. Клиент Электронды ақшаны өткізу бойынша операцияны болдырмаудың мүмкін еместігі туралы тиісті түрде хабардар етілгенін растайды.

5.10. Клиентке Электронды ақшаны өткізу бойынша деректер берілген сәттен бастап Оператор мен Агент ешбір жағдайда үшінші тұлғалардың операция нөмірі мен операция кодын қамтитын осындай деректерді рұқсатсыз пайдаланғаны үшін жауапты болмайды.

5.11. Клиент өзіне Жүйе арқылы, Агенттер арқылы заңсыз қаржы операцияларын, заңсыз сауданы, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) бойынша операцияларды, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын кез келген басқа операцияларды жүзеге асырмау міндеттемесін қабылдайды.

5.12. Клиентте Әмиян болмағанда, Электронды ақшаны өткізуді жүзеге асыру үшін Агенттің БЖ арқылы Электронды ақша сатып алған жағдайда, Жүйе нөмірі Клиент енгізген ұялы телефон нөмірі болып табылатын Әмиян жасайды, ол Клиентке операция коды бар sms-хабарлама ұсыну үшін де пайдаланылады. Клиент осылайша сатып алған Электронды ақша осы Әмиянға аударылады. Клиент Электронды ақшаны Агенттің БЖ арқылы сатып алғанда және Электронды ақшаны өткізу туралы нұсқауды дереу берген жағдайда, ақша Клиенттің банк шотына ол ұсынған деректерге сәйкес жіберіледі және/немесе осы Шарттың тәртібі мен талаптары бойынша қолма-қол тәсілмен беріледі.

5.13. Клиент Агентке Электронды ақшаны өткізгенде Агентке Электронды ақшаны аудару Клиент Жүйеге тиісті нұсқау бергеннен кейін дереу жүзеге асырылатынмен келіседі, ал Агент ақша төлеу жөніндегі міндеттемені Клиент осындай нұсқауды берген күннен кейінгі бірінші банктік күні Клиентке қолма-қол ақшасыз аудару және/немесе қолма-қол ақша беру арқылы орындауға міндеттенеді. Бұл ретте Агент Клиентке аударылуға тиіс соманы көрсете отырып, қызмет көрсетуші банкке төлем тапсырмасын жіберуді немесе қолма-қол ақшаның тиісті сомасын беру әзірлігін растауды жүзеге асырған күн Агенттің тиісті міндеттемені орындау күні болып есептеледі. Агент өз міндеттемелерін орындамаған, толық орындамаған және/немесе уақтылы орындамаған жағдайда, Клиент өзіне тиесілі ақшаны қайтару процесінде жан-жақты қолдау алу мақсатында Операторға жүгінуге құқылы.

## 6. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Жүйені пайдалану барысында Клиентке өз бетінше немесе үшінші тұлғаларды тарта отырып, Жүйенің бағдарламалық жасақтамасына қандай да бір өзгерістер енгізуге, сондай-ақ осалдықтар іздеуге және табылғандарды пайдалануға, сұрау салуларды ауыстыруға, Жүйенің істен шығуына немесе Жүйеге Қатысушылардың мүдделеріне өзге де зиян келтіруі мүмкін қандай да бір іс-

әрекеттер жасауға тыйым салынады. Клиент Жүйе арқылы қолжетімділік алған қызметтерді бөгде сайтта ұсынуды қоса алғанда, Клиентке Оператордың келісімінсіз Жүйенің сервистері мен қызметтеріне қолжетімділік ұсынуға тыйым салынады.

## **6.2. Оператор осы Шарт аясында:**

6.2.1 Бағдарламалық жасақтаманы жетілдіруге және Жүйеге ескірген бағдарламалық жасақтаманы қолдана отырып кіруге тыйым салуға.

6.2.2. Жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бағдарламалық және/немесе аппараттық құралдардың жұмысында ақаулықтар, қателер және іркілістер анықталған жағдайда, сондай - ақ профилактикалық мақсаттарда және Жүйеге рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау мақсатында, бағдарламалық және аппараттық құралдардың жұмысын тоқтата тұруға.

6.2.3. Клиенттің мәртебесіне қарамастан, осы Шартта немесе Ережелерде тікелей көзделген жағдайларда жеке басын куәландыратын құжаттарды сұрау, сондай-ақ:

- қосымша қызметтерді қосу үшін, мұндай куәландыруды талап ететін;
- Оператордың Клиенттің әрекеттерінің заңдылығына және Жүйені тиісті пайдалануына күмәнданған жағдайларда;
- Клиенттің әрекеттері Оператордың, Жүйенің басқа Қатысушыларының немесе үшінші тұлғалардың мүдделеріне әсер ететін басқа жағдайларда.

6.2.4. Операцияларды жүргізуден бас тарту келесі жағдайларда:

- Клиенттің Әмиян шотындағы Электрондық Ақшаның қалдығынан асатын соманы аударуға әрекеттену;
- заңмен немесе Оператормен белгіленген бір реттік операциялар лимитінен асатын соманы операция жасауға әрекеттену;
- Осы Шарттың 6.2.3-тармағына сәйкес Оператордың Клиенттің жеке басын анықтау қажеттілігі туындаған жағдайларда;
- Операторға байланысты емес себептер бойынша сервистермен байланыс орнату мүмкін болмаған жағдайда;
- операцияны жүзеге асыру Операторға, Агенттерге, Саудагерлерге немесе үшінші тұлғаларға шығын келтіруі мүмкін басқа жағдайларда.

6.2.5. Клиенттің Әмиянын Оператордың сұрауы бойынша тиісті түсініктемелер бергенге дейін бұғаттау келесі жағдайларда:

- Клиенттің әрекеттері басқа Клиенттердің немесе үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатындығы туралы шағымдардың болуы;
- Клиенттердің Жүйені тиісті пайдаланбауы;
- Клиенттің Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын әрекеттерді жасауы;
- Осы Шарттың 6.2.3-тармағында көзделген жағдайларда Клиентті сәйкестендіру қажеттілігі туындаған кезде;
- Оператор Клиенттің Жүйенің бағдарламалық жасақтамасына кез келген өзгерістер енгізуге (немесе енгізуге) әрекеттенуін, сондай-ақ осы Шарттың 6.1-тармағында көзделген басқа әрекеттерді анықтаған кезде;
- Клиенттің Шарттың немесе Ережелердің басқа шарттарын бұзуы.

6.2.6. Клиенттің сәйкестендіру ақпаратын алуға және тіркеуге.

6.2.7. Басқа Қатысушыларға Клиенттің Мәртебесі туралы ақпарат беруге.

6.2.8. Клиенттерге жүзеге асырылуы туралы ақпарат және қосымша келісімдер Жүйенің немесе Жүйе Агенттерінің сайтында қолжетімді болатын өзге де қызметтер көрсетуге.

6.2.9. Клиенттің мәртебесіне, жасына және Жүйенің немесе Жүйе Агенттерінің сайтында көрсетілген басқа шектеулерге байланысты қол жетімді Саудагерлер тізімін шектеуге.

6.2.10. Кез келген тәсілмен жинауды, сақтауды, өңдеуді және қажет болған жағдайда Клиент Жүйеге қол жеткізу үшін пайдаланатын бағдарламалық-аппараттық құралдардың конфигурациясы мен өзге де сипаттамалары туралы деректерді, сондай-ақ оны пайдалану процесінде Операторға автоматты түрде берілетін өзге де деректерді үшінші тұлғаларға беруді жүзеге асыруға.

6.2.11. Операцияларды жүзеге асыру кезінде Клиент енгізген деректерді жинауды, сақтауды және өңдеуді және осындай жіберу Шартты орындау үшін қажет болған жағдайларда осы деректерді Саудагерлерге жіберуді жүзеге асыруға.

6.2.12. Мақсатты жарнаманы жүзеге асыру үшін және статистикалық мақсаттарда жасалған сауда, төленген қызметтер мен жұмыстар туралы ақпаратты жинау, сақтау және өңдеуді жүзеге асыруға. Клиенттердің жеке деректерін ашпай, Жүйенің серіктестеріне статистикалық ақпарат беруге.

6.2.13. Клиент ұсынған байланыс ақпаратын Клиентті Жүйедегі оқиғалар туралы хабардар етуге және Клиентпен байланыс үшін пайдалануға, оның ішінде операция жүргізу бастамашысына ақпараттық хаттар немесе өзге де мәліметтер ұсыну мақсатында, операцияларды Жүйе арқылы жүзеге асырған кезде Тіркелмеген Клиенттер енгізетін деректерді пайдалануға.

6.2.14. Клиент жүзеге асыратын операциялардың жекелеген түрлері үшін комиссия ұстап қалуға және Операциялық тапсырма расталған сәтке дейін Клиентке осындай комиссиялардың мөлшері туралы хабарлауға құқылы.

6.3. Оператордың міндеттері:

6.2.1 Жүйенің тәулік бойы үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету. Өз ақпараттық арналарын немесе серіктестердің арналарын пайдалана отырып, Клиенттерді техникалық және ақпараттық қолдау қызметінің жұмысын қамтамасыз ету.

6.2.2 Бағдарламалық және/немесе аппараттық құралдардың жұмысында іркілістер, ақаулықтар, қателер анықталған жағдайда, проблеманы жою үшін қажетті шараларды дереу қабылдау.

6.2.3 Жүйеге рұқсатсыз кіру анықталған жағдайда, Жүйеге қатысушылардың шоттарында Электронды ақшаны өткізу процесіне үшінші тұлғалардың араласу қаупі жойылғанға дейін операцияларды тоқтата тұру.

6.2.4 Жоспарлы профилактикалық жұмыстар аясында Жүйенің жұмысы тоқтатыла тұрған жағдайда өткізілетін жұмыстардың уақыты мен ұзақтығы туралы Клиенттерді алдын ала хабардар ету.

6.2.5 Клиент осы Шарттың талаптарын сақтаған жағдайда Оператор айқындайтын шектеулердің болуын ескере отырып, Клиентке Жүйенің қызметтеріне тиісті көлемде қолжетімділікті ұсыну.

6.2.6 Клиенттің мәртебесі туралы ақпаратты Жүйенің басқа Клиенттеріне ұсыну.

6.2.7 Жүйенің Қағидаларына және Шартқа сәйкес енгізілген Электронды ақшаны Клиенттің Әмиян шотына аударуды жүзеге асыру.

6.2.8 Клиенттің талап етуі бойынша көрсетілген тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыру; егер осы аударым осы Шартқа және заңнама нормаларына қайшы келмеген жағдайларда, басқа тіркелген Клиент әмиянына Электронды ақшаны аударуды жүзеге асыру; осы Шарттың және Қағидалардың талаптарында Электронды ақшаны қайтаруды жүзеге асыру.

6.2.9 Клиент тиісті қосымша келісімнің шарттарын орындаған жағдайда, Клиентке Жүйенің немесе Жүйе Агенттерінің сайтында ұсынылған қосымша қызметтерді көрсету. 6.3.10. Клиент шотының жай-күйі туралы ақпаратты, шоттың кез келген өзгерістерін және өзге де ақпаратты Шарттың қолданылу мерзімі ішінде және ол бұзылғаннан кейін бес жыл бойы сақтау. Клиентке 5 (бес) жылға дейінгі кезеңдегі операциялар тарихына қолжетімділік беру.

6.3.10. Клиенттің Әмиянында Клиент жасаған кез-келген операциялар туралы хабарлама беру.

6.3.11. Клиент ұсынатын ақпараттың құпиялылығы мен сақталуын қамтамасыз ету, осы Шартта, Қағидаларда аталған жағдайларды, сондай-ақ Операторға кредиттік ұйымдардан, сот органдарынан немесе өзге де уәкілетті мемлекеттік органдардан ресми сұрау салу жіберілген жағдайларды қоспағанда, оның жария етілуіне немесе үшінші тұлғаларға берілуіне жол бермеу.

6.3.12. осы Шарттың «Құпиялылық және қауіпсіздік. Клиент пен Жүйенің Әмиянды бұғаттауы» 7-бөлімінде аталған оқиғалар туындаған жағдайда, Шарт тәртібі мен талаптарына сәйкес Клиенттің Әмиянын бұғаттауды жүзеге асыру.

6.3.13. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар біржақты тәртіппен енгізілген жағдайда, жаңа редакция күшіне енгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей Шарттың жаңа редакциясын жариялау.

6.3.14. Оператор Жүйесінде Клиентке қызмет көрсетілгенге дейін ақшалай мәнде алынатын комиссия мөлшері туралы Клиентке ақпарат беруді қамтамасыз ету.

6.3 Клиенттің құқықтары:

6.3.1 Жүйенің Сайтында немесе Жүйе Агентінің сайтында келтірілген қолжетімді тәсілдердің кез келгенімен Электронды ақшаны шығаруға бастамашылық ету, Электронды ақшаны Әмиян шотына енгізу, азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша төлем жүргізу, басқа Клиенттен немесе өзге жеке тұлғадан талап ету құқығын басқаға беруді жүзеге асыру үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Шарт және Қағидаларға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен Жүйені қолдану.

6.3.2 Осы Шартта көзделген тәртіппен және шарттарда төлемді қайтаруды талап ету, Жүйенің Сайтында немесе Жүйе Агентінің сайтында көрсетілген кез келген қолжетімді тәсілмен Электронды ақшаны Өтеуді жүзеге асыру.

6.3.3 Жүйенің Сайтында немесе Жүйе Агентінің сайтында қол жетімді қосымша келісімдерде

көзделген тәртіпте және шарттарда Жүйенің қосымша қызметтерін пайдалану.

6.3.4. Өзінің Мәртебесіне және Оператор белгілеген өзге де шектеулерге сәйкес Жүйенің барлық сервистеріне қолжетімділік алу.

6.4.5. Клиентке тиесілі Электронды ақша шотының жай-күйі, Клиенттің шотқа қатысты іс- әрекеттері, шоттың өзгеру тарихы туралы ақпаратты, Жүйені пайдалану үшін маңызы бар өзге де ақпаратты алу.

6.4.6. Оператордан Жүйенің басқа Клиенттерінің мәртебесі туралы ақпаратты алу.

6.4.7. Операторға Жүйе қатысушыларының іс-әрекеттеріне, Жүйенің жұмысындағы іркілістерге және Оператордың араласуын талап ететін өзге де мән-жайларға шағымдар жіберу.

6.4.8. Жүйенің басқа қатысушыларының, үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтын және қозғамайтын, сондай-ақ заңнама нормаларын бұзбайтын өзге тәсілмен Жүйені пайдалану.

6.4.9. Техникалық және ақпараттық қолдау алу.

6.4. Клиенттің міндеттері:

6.4.1. Осы Шарттың, Қағидалардың талаптарын орындау, ал қосымша қызметтер алған кезде - Жүйенің Сайтында немесе Жүйе Агентінің сайтында қолжетімді қосымша келісімдердің талаптарын орындау.

6.4.2. Сәйкестендіру рәсімінен өту кезінде Операторға шынайы деректер ұсыну. Клиенттің жалған ақпарат беруінің салдары болып табылатын мән-жайлар бойынша шағымдар қаралмайды.

6.5.3. Операцияны жүргізу мақсатында Оператор оған берген өзінің операция деректерін бермеу, оның ішінде Клиентке тиесілі Әмиянды үшінші тұлғаларға пайдалануға мүмкіндік бермеу және Клиенттің құпия ақпараттың сақталуы үшін және Клиенттің ықтимал немқұрайлылығы, үшінші тұлғалар тарапынан қылмыстық қол сұғушылықтардың, компьютерлік вирустардың зиянды бағдарламалары мен шабуылдарының және басқа да құқыққа қайшы немесе абайсыз іс-қимылдардың нәтижесінде операция деректерінің таратылуына Клиенттің дербес жауапты болу шартын қабылдау;

6.5.4. Жүйеге қолжетімділік құрылғысының жұмыс қабілеттілігі мен ақпараттық қауіпсіздігіне тиісті түрде қарау.

6.5.5. Жүйенің бағдарламалық жасақтамасына толық немесе ішінара, дербес немесе үшінші тұлғаларды тарту арқылы өзгерістер енгізуге тырыспау.

6.5.6. Жүйе арқылы жасалған Электронды құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарапайым қағаз нысанында жасалған құжаттар ретінде тану.

6.5.7. Сәйкестендіру деректеріндегі кез келген өзгерістер туралы (неке қию/бұзу салдарынан тегінің өзгеруі және т.б.) Операторға уақтылы хабарлау.

6.5.8. Клиенттің келісімінсіз жүргізілген операция, Клиенттің жеке деректеріне рұқсатсыз кіру анықталғаны туралы Операторға дереу хабарлау.

## 7 ҚҰПИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК. ЖҮЙЕ МЕН КЛИЕНТТЕРДІҢ ШОТТЫ БҰҒАТТАУЫ

7.1. Жүйенің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, берілетін деректер мен ақпаратты қорғау жөніндегі міндеттемелерді Оператор көтереді.

7.2. Оператор осы Шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды, сондай-ақ мұндай ақпарат жалпыға белгілі болып табылатын немесе Клиенттің талабы бойынша немесе рұқсатымен ашылған жағдайларды қоспағанда, Клиент өзіне берген барлық деректерге, сондай-ақ Клиент Жүйені пайдалану барысында өзіне белгілі болған деректерге қатысты құпиялылықты сақтауға міндеттенеді

7.3. Клиент өзінің деректерін, ұсынылатын активтендіру кодын, Жүйе ұсынған, Жүйеге немесе Агенттің БЖ-ға рұқсатсыз қол жеткізу немесе пайдалану жүзеге асырылуы мүмкін өзге де деректерді қорғау бойынша шараларды өз бетінше қабылдауға міндеттенеді.

7.4. Клиент өз деректерін үшінші тұлғаларға берген, Жүйедегі өз шотына қасақана қол жеткізуді ұсынған немесе Клиент деректердің құпиялылығын өзге де бұзған жағдайда, Клиент Оператор Клиенттің алдында жауапты болмайтынын мойындайды.

7.5. Клиентке берілген активтендіру коды жоғалған жағдайда, Оператор ықтимал салдарлар үшін жауапты емес екенін Клиент мойындайды.

7.6. Клиент Операторды оның келісімінсіз жасалған кез келген операциялар туралы дереу хабардар етуге міндеттенеді. Операция жүзеге асырылған және Клиентке тиісті хабарлама жіберілген сәттен бастап күнтізбелік тәулік ішінде Электронды ақшаны есептен шығару операциялары бойынша тиісті

хабарлама ұсынылмаған жағдайда, операцияны Клиент жүзеге асырды деп есептеледі. Клиенттің пайдасына қате болып табылатын операция жүзеге асырылған жағдайда, Клиент осындай операцияның жүзеге асырылу фактісі туралы Операторға дереу хабарлауға міндеттенеді, алайда хабарлама фактісіне қарамастан, тиісті негізсіз алынған ақшаның және/немесе Электронды ақшаның кез келген сомасын, оның ішінде Электронды ақшаның Клиенттің Әмиянына қате және/немесе қайта аударылуы, Саудагерлер жүйесінде Клиенттің дербес шотының қате және/немесе қайта толтырылуы, өткізілген Электронды ақша есебінен ақшаның қате және/немесе қайта аударылуы жағдайында, оның ішінде егер Электронды ақша Клиент есебінен шығарылмаған, бірақ оның ақшалай баламасы Клиентке аударылған және/немесе қолма-қол ақшамен берілген жағдайда, сондай-ақ операцияны жүргізуге Клиент рұқсат бермеген және үшінші тұлғалардың айқын залалдарына әкеп соғатын өзге де жағдайларда қайтаруға міндеттенеді. Оператор банктерге, Оператордың серіктестеріне қызмет көрсететін өзге қатысушылардан осындай қате және/немесе қайта аудару туралы дәлелді және құжатпен расталған хабарламаларды алған кезде, Клиенттің Әмиянынан осындай қате және/немесе қайта аударылған сомаға тең Электронды ақша сомасын акцептсіз тәртіппен есептен шығару құқығын өзіне қалдырады, оның ішінде осындай есептен шығаруды жүзеге асыру қажеттілігі анықталған сәтте Клиенттің Әмиянындағы Электронды ақша сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, Клиент Әмиянын одан әрі толықтырғанда Клиентке осындай есептен шығару туралы алдын ала хабарламай есептен шығара алды, ол туралы ақпаратты Клиент Операторда осындай банк бойынша ақпарат болған кезде, оның ішінде Клиент Электронды ақшаны өткізу және/немесе өтеу бойынша операцияларды жүзеге асырғанда Клиенттің банктік шотына ақша қате және/немесе қайта аударылған жағдайда Клиентке қызмет көрсететін банкке талап жолдау арқылы алуы мүмкін.

7.7. Егер Операторға үшінші тұлғалардың Әмиянға қол жеткізу фактісінің анықталуына байланысты Әмиянды бұғаттау туралы өкім келіп түскен жағдайда, алайда бұғаттау туралы өтініш берген тұлға Әмиянның иесі екенін дәлелдей алмаса, Оператор осы Әмияннан жасалатын барлық операцияларды күту режиміне қояды. Операцияларды аяқтау немесе жою Әмиян иесінің жеке басы расталғаннан кейін және одан операцияларды аяқтау немесе жою туралы бұйрықтар алынғаннан кейін жүзеге асырылады.

7.8. Жүйе осы Шартта көрсетілген жағдайларда, сондай-ақ Клиенттің өтініші бойынша Клиенттің Әмиянын бұғаттай алады. Оператор Клиентке жеке деректерінің жоғалғаны және Оператордың Әмиянды бұғаттау рәсімін сақтамағаны туралы уақтылы хабарлаған жағдайда, осындай хабарламадан кейін жүргізілген барлық операциялар бойынша төлемдерді Оператор толық көлемде қайтаруға тиіс. Осы тармақтың орындалуы мақсатында тиісті хабарлама деп Оператордың немесе оның Агенттерінің Пайдаланушыларды қолдау қызметіне жүгінуі және Оператор немесе оның Агенті қызметкерінің осындай өтінішті қабылдағанын растауы түсініледі.

7.9. Сәйкестендірілмеген Клиенттер Әмиянның бұғатын Әмиян нөмірі болып табылатын ұялы телефон нөмірін пайдалану туралы ұялы байланыс операторымен жасалған шартты ұсынуы арқылы аша алады.

7.10. Тараптар аутентификациялық деректердің үйлесімін Клиентке тиесілі Электронды Ақшамен операциялар жүзеге асыру құқығын Клиенттің растауының қажетті және жеткілікті шарты болып табылатын өзінің қолтаңбасының баламасы деп таниды. Аутентификациялық деректер деп Клиент тарапынан Операторға ұсынылған деректердің үйлесімін, атап айтқанда Клиенттің енгізілетін дербес деректерін, Клиенттің Оператор Жүйесінің сайтында алған активтендіру кодын растауы және қажет болған жағдайда дербес деректерді ұялы телефон, Электронды почта және заңнамаға қайшы келмейтін өзге де байланыс тәсілдері бойынша растауды және Оператор Жүйесінде жеке кабинеттің құпия сөзін қалпына келтіргенде ұялы телефон нөмірінің енгізілетін «құпия сөздерінің» сәйкестігін білдіреді.

7.11. Клиенттің Әмиянынан күдікті операциялар жүзеге асырылған жағдайда, Оператор Әмиянды бақылауға қойып, Клиентпен байланыс орнатқанға дейін операцияларды күту режиміне қоя алады.

7.12. Әмиянды мониторингтен алу Клиент пен Оператор арасында байланыс орнатылғаннан кейін Клиенттің жеке басын растау, Жүйеде тіркеу кезінде көрсетілген ұялы телефон нөміріне немесе Электронды почта адресіне Оператор жіберген пин-кодты енгізу арқылы немесе Тараптар келіскен өзге тәсілмен жүзеге асырылады.

7.13. Күдікті операциялар:

аударым сомасы 100 000 (бір жүз мың) теңгеден асатын Электронды ақша қалдығын басқа Клиенттің шотына біржолғы аудару;

бір сағат ішінде тең сомаға 10 (оннан) астам аударымды жүзеге асыру;

Жүйеге қол жеткізу үшін, оның ішінде Агенттің БЖ пайдалану арқылы проху-серверлер мен анонимайзерлерді пайдалану;

Қазақстан Республикасының заңнамасында осындай деп танылған күдікті операциялар; жүргізу рұқсатына күдік туғызатын өзге де операциялар.

7.14. Клиенттің өз Әмиянын ерікті түрде бұғаттау мүмкіндігі бар. Бұғаттау Оператордың немесе Агенттің Пайдаланушыларды Қолдау Қызметіне қоңырау шалу арқылы жүзеге асырылады және Клиенттің Әмиянынан және Клиент тарапына жүргізілетін операцияларды тоқтата тұрады. Бұл бұғаттауды Клиент өз бетінше алып тастай алады.

7.15. Егер Электронды ақшаны өткізу операцияларын жүзеге асыру кезінде Клиент деректерді қате енгізген жағдайда, Оператор мән-жайларды анықтау мақсатында Әмиянды күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейінгі мерзімге бұғаттауды жүзеге асыруға құқылы.

7.16. Әмиян Клиенттің күдікті операцияларды жүзеге асыруына байланысты бұғатталған жағдайда, Оператор Клиенттің Әмиянын күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейінгі мерзімге бұғаттауды жүзеге асыруға құқылы.

7.17. Клиент алаяқтық операцияларды жүзеге асырған немесе осындай операцияларды жүзеге асыруға күдік болған жағдайда, Оператор мұндай Әмиянды 6 (алты) күнтізбелік айға дейінгі мерзімге немесе осындай алаяқтық операциялар бойынша фактілер толық анықталғанға дейін бұғаттау құқығын өзіне қалдырады.

7.18. Клиент алаяқтық әрекеттер жасаған немесе осындай әрекеттерге күдік келтірген жағдайда, банк карталары және/немесе халықаралық төлем жүйелері эмитенттерінің сұратуы бойынша Оператор Жүйедегі осындай әрекеттер мен белсенділік бойынша ақпаратты тиісті эмитенттерге және халықаралық төлем жүйелеріне қандай да бір шектеусіз беру, сондай-ақ құқық қорғау органдарына жүгіну құқығын өзіне қалдырады.

7.19. Осы Шарттың талаптарымен келісе отырып, Клиент өзінің дербес деректерін Жүйенің эмитенттеріне, сондай-ақ Жүйенің жұмыс қабілеттілігін технологиялық қолдауды қамтамасыз ететін үшінші тұлғаларға шектеусіз беруге келісетінін растайды.

7.20. Осы Шарттың талаптарымен келісе отырып, Клиент Жүйенің Әмиянына қол жеткізу үшін өзінің деректерінің құпиялылығын және қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемемен танысқанын және жоғарыда аталған барлық міндеттемелерді қабылдағанын және Электронды ақшаны пайдаланған кезде болатын мынадай ықтимал тәуекелдермен танысқанын растайды, атап айтқанда:

- 1) активтендіру кодын беру/жүйенің жеке кабинетіне қорғалмаған кіру және Клиенттің қорғалмаған арналар арқылы деректер алуы кезінде Клиенттің Электронды ақшасымен үшінші тұлғалардың ықтимал алаяқтық қызметі;
- 2) клиенттің жеке кабинетіне кіру және Электронды ақшаны бақылауға арналған деректерді жоғалтуы және Клиенттің әмиянын уақтылы бұғаттау үшін осы факт туралы Операторға уақтылы хабарламау;
- 3) Клиент Операторға немесе Агентке байланысты емес себептер бойынша Клиент деректерінің және/немесе операцияларды заңсыз ұстап алу және/немесе пайдалану үшін, сондай-ақ Клиенттің келісімімен операция деректерін пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалар жасаған үшінші тұлғалардың әрекеттері және/немесе мәмілелері үшін Оператор мен Агент жауапты болмайтынын растайды.

## 8. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1. Оператор ағымдағы операциялар аяқталғаннан кейін Клиенттің шотындағы Электронды ақша қалдығының сомасынан аспайтын сома шегінде Клиент алдында жауапты болады.

8.2. Оператор Жүйенің уақытша жұмыс істемеуіне, аппараттық немесе бағдарламалық құралдардың жұмысындағы Оператордың кінәсінен болмаған іркілістер мен қателерге және бұл жағдайда туындайтын Клиенттің ықтимал шығындары үшін жауап бермейді.

8.3. Оператор Клиентте Жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бағдарламалық немесе аппараттық құралдарға қолжетімділіктің болмауы үшін және бұл жағдайда туындайтын Клиенттің ықтимал шығындары үшін жауапты болмайды.

8.4. Клиенттің жеке деректерін пайдалануға байланысты емес, Жүйенің жұмысына араласуға бағытталған үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері жағдайында Оператор осындай әрекеттерді жүзеге асыру басталған сәтте Клиенттің Әмиян шотындағы сома шегінде Клиенттің залалы үшін жауапты болады. Клиенттің жеке деректерін пайдалануға байланысты үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері жағдайында Оператор мен Клиент осы Шарттың талаптарына сәйкес жауапты болады.

8.5. Оператор Клиенттің Жүйеге қате мәліметтер ұсынуы салдарынан болған шығындары үшін жауапты болмайды.

8.6. Жеке деректер жоғалған, Жүйе Әмиянды бұғаттаған, Жүйеге немесе Жүйе Агентінің БЖ-ға кіруді қамтамасыз ететін жеке құрылғылар жоғалған немесе салдарын Клиенттің жеке басын сәйкестендірусіз жою мүмкін болмайтын өзге де оқиғалар жағдайында Оператор сәйкестендірілмеген Клиенттің алдында ықтимал шығындар және Әмиянды кейіннен пайдалану мүмкінсіздігі үшін жауапты болмайды. Әмиянның сәйкестендірілмеген Клиентке тиесілі екендігін растау Операторға Клиенттің ұялы байланыс операторымен жасаған шартының түпнұсқасын немесе куәландырылған көшірмесін ұсыну арқылы мүмкін болады.

8.7. Шарттың тараптары өзара міндеттемелерді орындамағаны үшін, егер олардың орындалмауы Шарт күшіне енгеннен кейін туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайлары әрекетінің немесе Шарт жасалғанға дейін алдын алуға болмайтын немесе болжанылмайтын төтенше жағдайлар туындауының салдары болып табылған жағдайда жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмес күш мән-жайлары әрекет ететін тарап осы мән-жайлар басталғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей екінші Тарапты хабардар етуге міндетті.

8.8. Осы Шартта көзделмеген жағдайларда Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы, оның ішінде Клиенттің нұсқауын орындаудан негізсіз бас тарту не тиісінше орындамауы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

## 9. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТАРИФТЕРІ ЖӘНЕ ҰСТАП ҚАЛУ ТӘРТІБІ:

9.1. Оператордың қызметтері ақылы болып табылады.

9.2. Қызметтерге ақы төлеу Оператордың қызмет көрсеткені үшін Клиенттен комиссия ұстауы арқылы жүргізіледі.

9.3. Оператор операциялардың әрбір түрін жүзеге асыру комиссияларының мөлшерін белгілеуге құқылы.

9.4. Комиссиялардың шарттары, негіздері және мөлшерлері Жүйенің сайтында немесе Жүйе Агентінің сайтында қол жетімді және Қағидаларда көрсетілген.

9.5. Әрбір операция бойынша комиссия мөлшері Клиенттің растауы алдында қызмет жүзеге асырылғанға дейін Клиенттің назарына жеткізіледі.

## 10. ДАУЛАРДЫ ҚАРАУ ЖӘНЕ ШЕШУ ТӘРТІБІ

10.1. Осы Шарттан жүйені пайдалану процесінде туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

10.2. Келіссөздердің басталуына Клиенттің Операторға жазбаша шағым жіберуі негіз болып табылады.

10.3. Шағым отыз күн ішінде қаралады, содан кейін Оператор Клиенттің талаптарын қанағаттандырады немесе Клиентке жазбаша дәлелді бас тарту жібереді.

10.4. Егер дау наразылық тәртібімен 60 күн ішінде шешілмейтін болса, Тараптардың кез келгені Оператордың орналасқан жеріндегі сотқа жүгінуге құқылы.

## 11. ШАРТТЫ ЖАСАСУ, БҰЗУ ЖӘНЕ ОҒАН ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

11.1. Осы Шарт қосылу шартының талаптарында жасалады.

11.1. Клиенттің Қағидаларда көзделген тәртіппен осы Шарттың талаптарын қабылдаған сәт Шарттың жасалған және күшіне енген сәті болып есептеледі.

11.2. Жүйе арқылы операция жүргізу Клиенттің осы Шарттың талаптарын және Қағидаларды қандай да бір алып тастауларсыз немесе шектеулерсіз қабылдағанын білдіреді және екі жақты жазбаша Шарт жасасумен тең болады.

11.3. Осы Шарт белгіленбеген мерзім ішінде немесе ол бұзылғанға дейін қолданылады.

11.4. Клиент өзіне тиесілі барлық Электронды ақшаны кез келген қолжетімді тәсілмен өтеу немесе өткізу және Операторға Шартты бұзу туралы хабарлама жіберу арқылы Шартты біржақты тәртіппен бұза алады.

11.5. Клиент осы Шарттың талаптарын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын өрескел

бұзған жағдайда, Оператор Шартты бұзғанға дейін үш күннен кешіктірмей Клиентке міндетті түрде жазбаша хабарлай отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

11.6. Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, өзгерістерді Жүйенің Сайтында және Жүйе Агентінің сайтында орналастыру арқылы Шартқа біржақты тәртіппен өзгерістер енгізе алады. Өзгерістер, егер оларды орналастыру кезінде неғұрлым ұзақ мерзім көрсетілмесе, жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 (он) күн өткен соң күшіне енеді. Шарттың өзекті редакциясымен танысу бойынша міндеттеме Клиентке жүктеледі.

11.7. Өзгерістер заңды күшіне енгеннен кейін Жүйені пайдалануды Тараптар осы өзгерістерді сөзсіз қабылдау деп түсінеді.

## 12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Жүйеде тіркеусіз операцияларды жүзеге асыра отырып, Клиент:

- Шарттың және Ережелердің барлық тармақтарымен танысқанын, барлық шарттарды толық түсінетінін және оларды толықтай қабылдайтынын растайды;
- Операторға деректерді беру, Операциялық Тапсырманы беру кезінде Клиент ұсынған ұялы телефон нөміріне хабарламалар жіберу, тіркеусіз операцияларды жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын электрондық пошта мекенжайына хабарламалар жіберу, сондай-ақ осы Шартта және Ережелерде көзделген жағдайларда оның жеке деректерін Операторға беру және өңдеуге рұқсат береді;
- Заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер болып табылмайтынын растайды және Жүйенің Клиенттері тек кәсіпкерлік қызмет үшін Жүйені пайдаланбайтын жеке тұлғалар бола алатынына келіседі;
- Оператор мен Агент Клиенттің деректерін және/немесе операцияларын заңсыз ұстап алу және/немесе пайдалану үшін Операторға және/немесе Агентке байланысты емес себептер бойынша, сондай-ақ Клиенттің келісімімен операция деректерін пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалар жасаған әрекеттер мен/немесе мәмілелер үшін жауапты емес екенін растайды.